Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Әңгімелесу «Отаным – Қазақстан!»** **Мақсаты:**Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға,ұқыпты болуға баулу.Ермексаз кесектерін алақандарының арасында домалату,есу,жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу.Сурет салу кезінде қарындашты,қылқаламды қатты қыспай ,дұрыс ұстауды үйрету. **(Қоршаған ортамен таныстыру, жапсыру,**	**Сұрақ – жауап ойыны «Отбасы».** **Мақсаты:**Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану.Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға ,отбасы мүшелерін,олардың іс – әрекеттерін атауға,өзінің отбасы,отбасылық қарым – қатынас туралы әңгімелеп беруге,жақындарына қамқорлық танытуға баулу.**(құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру, - шығармашылық дағдыларды дамыту,әлеуметтік-эмоционалдыдағдылард**	**Кітап оқу «Алтын жұмыртқа» ертегісі** **Мақсаты:**Оқылған шығармадан ең қызықты,мәнерлі үзінділерді қайталау,балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету.Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету. Бірнеше бөліктерді қосу,қысу,біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды	**Вариативті компонент** «Ертегілер елінде» «Қайырымды қоян» ертегісі **Мақсаты:** Бала мен қоян арасындағы достықты үлгі етіп, достыққа адал болу қажеттілігін түсіндіру. Тіл байлықтарын молайту. Көру мүмкіндіктерін дамыту**.** **Үстел үсті ойыны: «Көліктер».** **Мақсаты:** Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету.Жапсыру барысында қауіпсіздік	**Қуыршақ театры: «Шалқан»ертегісі.** **Мақсаты:**балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. **(Көркем әдебиет, құрастыру-коммуникативтік,шығармашылық дағдыларындамыту).** **Шарты:**Балалар берілген кейіпкерлерінің рөлін сомдайды. «Шалқан»ертегінің берілген суреттерін құрастырып толықтыру.

	мүсіндеу, сурет салу – әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру,шығармашылық дағдыларды дамыту).	**ы қалыптастыру).** **Шарты:** Отбасылық фотосуреттерді қарай отырып ,қойылған сұрақтарға жауап береді.Отбасы мүшелерінің атын атап қарым – қатынасы туралы әңгімелейді.Балалрға берілген құрлыс бөлшектерінен отбасына арнап үй тұрғызады.	мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. **(Көркем әдебиет, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу - коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын дамыту).**	техникасы ережелерін сақтауға,ұқыпты болуға баулу. Ермексаз кесектерін алақандарының арасында домалату,есу,жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу. **(Қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, жапсыру,мүсіндеу - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, шығармашылық дағдыларды дамыту).**	
Балалармен жеке жұмыс	Заңғарға дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айуды үйрету	Анельге өздері тұратын қала мен ауыл туралы, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы түсінік беру	Дінмұхаммедке әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыруды үйрету	Айшаға қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру	Мединаға жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындауды үйрету
Серуенге дайындық	**Мақсаты:**киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету **(Өзін-өзі күту дағдыларын жетілдіру)** **Көркем сөз:**Топ ішіне киетін Ұл мен қыздың киімі, Таза киім киеміз Ұқыпты боп жүреміз.				
Серуен	**Бақылау:** Жаяу жүргіншілер жолын бақылауды жалғастыру. **Мақсаты:**жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелерді сұрау **(әлеуметтік – эмоционалды**	**Бақылау:** Кешкі ауа райын бақылау. **Мақсаты:**ауа райындағы қарапайым өзгерістерін байқау түсініктерін қалыптастыру **(әлеуметтік – эмоционалды**	**Бақылау:** Ағаштарды бақылауды жалғастыру. **Мақсаты:**ағаштардың 2-3 түрін атау **(әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру).** **Қимылды ойын:** «Ұшты	**Бақылау:** Жеңіл көліктер түрлерін бақылау. **Мақсаты:**көлік түрлерін ажырату**(әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру).** **Қимылды ойын:**	**Бақылау:** Мысықты бақылау. **Мақсаты:**үй жануарлары туралы білімдерін бекіту **(әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру).**

	дағдыларды қалыптастыру). **Қимылды ойын:** «Көліктер». **Мақсаты:**балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу **(дене шынықтыру **-физикалық қасиеттерін дамыту).**	**дағдыларды қалыптастыру).** **Қимылды ойын: «**Түлкі мен әтештер». **Мақсаты:** еркіндікте тәрбиелей отырып, қимыл-қозғалысын дамыту, шапшаңдыққа үйрету **(дене шынықтыру **-физикалық қасиеттерін дамыту).**	– ұшты». **Мақсаты:**тәрбиеші белгісі бойынша қимыл - қозғалыстарды орындап, ойнай білуге уйрету **(дене шынықтыру **-физикалық қасиеттерін дамыту).**	«Бағдаршам». Мақсаты: балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру**(дене шынықтыру **-физикалық қасиеттерін дамыту).**	**Қимылды ойын:** «Кептерлерді қуып жет». **Мақсаты:**балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу **(дене шынықтыру **-физикалық қасиеттерін дамыту).**
Серуеннен оралу	**Мақсаты:** Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, киіміндегі олқылықты байқау және оны ересектердің көмегімен ретке келтіру. Әуенмен топқа оралу **(мәдени- гигиеналық дағдыларды қалыптастыру, өзіне – өзі қызмет ету, шығармашылық дағдыларды дамыту).**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дербес ойын мозайка «Гүлдер»** **Мақсаты:**Пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану. Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтауды дағдыландыру. **(Құрастыру, Музыка**** – шығармашылық,дағдыларын дамыту).** **Шарты:** Берілген мозайкадан гүлдердің суретін құрастыру,өсімдіктер туралы білетінін сұрау. «Гүлдер»әнін айту.	**Дидактикалық ойын: «Менің тазалық құралдарым»** **Мақсаты:** Дауысты (ұ) және кейбір дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету.Ермексаз кесектерін алақандарының арасында домалату,есу,жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу.Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға,ұқыпты болуға баулу.**(сөйлеуді**	**Жануарлар туралы бейнефильм көру** **Мақсаты:** Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.Қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету**(қоршаған ортамен таныстыру,дене шынықтыру**-әлеуметтік – эмоционолды дағдыларды қалыптастыру,физикалық қасиеттерді дамыту)** **Шарты:**Көрген бейнефильмдерінен үй жануарлары туралы сұрау.Жануарлардың қимылын , дауыс ырғағын	**Дидактикалық ойын «Қуыршақты серуенге киіндіріп, шығарайық** **Мақсаты:**Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсінуді жетілдіру.**(сөйлеуді дамыту,музыка****-коммуникативтік,шығармашылық дағдыларды дамыту)** **Шарты:** Тәрбиеші балаларға қуыршақтың серуенге шығатындығын, ол үшін Қуыршақтың үстіндегі пальто түсіне сәйкес бас және аяқ киімдерді	**«Балақай бірге үйренейік!»** «Логикалық жаттығулардың сиқыры» **Мақсаты:** Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіруді үйрету**.** **(математика негіздері – танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** **Дидактикалық ойын: «Сипаттамасы бойынша тап»** **Мақсаты:** Ойын түрінде үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен фигураларды ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге

		дамыту,сурет салу,мүсіндеу,жапсыру-коммуникативтік,шығармашылық дағдыларды дамыту) **Шарты:**Тақтада баланың үлкен суреті ілініп тұр. Үстел үстінде әртүрлі заттар жатыр.Тәрбиеші: - Балалар денсаулығымыз жақсы болу үшін, ауырмай жүру үшін бізге қандай заттар қажет. Балалар үстел үстіндегі суреттер арасынан тазалық құралдарын алып бала суретіндегі тор көздерге орналастырады.	салып көрсету.	таңдап алуға көмектесулерін сұрайды. Балалар түрлі түстердің арасынан өзіне қажетті киімдерді таңдап киіндіреді. «Қуыршақ»әнін тыңдау мазмұнын түсіндіру	мүмкіндік беру. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету. Ермексаз кесектерін алақандарының арасында домалату,есу,жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға,ұқыпты болуға баулу**(математика негіздері,сурет салу,жапсыру,мүсіндеу-танымдық және зияткерлік,шығармашылық дағдыларды дамыту)** **Шарты:**Заттардың сипаттамасы бойынша пішіндерді табу.Берілген пішіндерден өздеріне ұнаған композиция жасау.
Балалардың үйге қайтуы	**Мақсаты:**Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)**				
	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептіліксөздердіүйретуі нескерту.	Баланыңбүгінгіжетістігіт уралыәңгімелесу. Үйдебаланыңөзікиініп, өзішешінуіңқадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланыңбүгінгіжетістігіту ралыәңгімелеу. Бала тәрбиесінекөңілбөлудіеск ерту.	Балалармен қызықты демалыс күндерін өткізуге кеңес беру, отбасылық серуен ұйымдастырудың маңыздылығын түсіндіру.

Тексерілді: _____ **Әдіскер: Аяшова Ж.А.**

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы
Топ: Ортаңғы «Балапан» тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2 – апта, 10 – 14 сәуір аралығы, 2022 – 2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 10.04.2023	Сейсенбі 11.04.2023	Сәрсенбі 12.04.2023	Бейсенбі 13.04.2023	Жұма 14.04.2023
Балаларды қабылдау	**Мақсаты:** Балаларды жайдары көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру.				
	Әңгімелеу: «Менің отбасым». **Мақсаты:** Отбасылық қарым – қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу **(Қоршаған ортамен таныстыру - әлеуметтік -эмоционалды дағдыларды қалыптастыру).**	**Санамақтар айтқызу** **Мақсаты:** Баланың сөздік қорын дамытуда санамақтар,тақпақтар,жаңылтпаштарды жаттауға баулу **Санамақ** Балалға қарама қарсы отырып, тәрбиеші көрсетіп отырады, қолдарын құлыпқа ұқсатып түйеді.саусақтарын кезек – кезек создыра көрсетіп, «Кел, санайық санамақ, саусақтарға қарап ап. Басбармақ, Балан үйрек,Ортан терек, Шылдыр шүмек,Кішкене бөбек.». Бала қозғалыстарды қайталайды. **(Қазақ тілі*** Коммуникативтік дағдыларын дамыту)**	**Құрастыру алаңы.** **Мақсаты:** Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау тәсілдерін қолдану.**(құрастыру – шығармашылық дағдыларды дамыту)**	**Сұрақ – жауап ойыны «Менің ойыншықтарым»** **Мақсаты:** Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып,сұрақтарға жауап беруге,оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.**(қазақ тілі*** - коммуникативтік дағдыларды дамыту).**	**Музыкалық – ырғақтық қозғалысты ойын «Көңілді қонжықтар».** **Мақсаты:** Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Құрдастарымен қимылды ойынды бірге ойнауға, өзара оң қарым – қатынас жасауға баулу **(Музыка****, дене шынықтыру** - шығармашылық дағдыларды, физикалық қасиеттерді дамыту).**

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Әңгімелесу:** Ата – аналармен баланың үйдегі күн тәртібі, десаулығы, өз – өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дидактикалық ойын: «Әдемі шарлар».** **Мақсаты:**Зат есімдерді жекеше,көпше түрде,етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.Қоршағана ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу «қанша?», «неше?» сұрағына жауап беру. **(Сөйлеуді дамыту, математика негіздері - коммуникативтік, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту).** **Шарты:** берілген суреттен шар бейнесін табу. Шарға ұқсас дөңгелек пішіндегі заттарды табу, түсін, санын атау.	**Қимылды ойын: «Қолшатыр».** **Мақсаты:**Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Балалардың билейтін музыкаға сейкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойын кезінде қолдануға мүмкіндік беру. **(қоршаған ортамен таныстыру,музыка****-әлеуметтік – эмоционолды дағдыларды қалыптастыру,шығармашылық дағдыларды дамыту).** **Шарты:** көңілді әуен кезінде балалар еркін билейді, серуен құрады. Күннің күркіруі, жаңбырдың дыбысын естілген бойда қолшатырдың астына жиналады.	**Үстел үсті ойыны: «Металлофон».** **Мақсаты:**Дауысты (ұ) және кейбір дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту,дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. **(Сөйлеуді дамыту,музыка**** - коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту).** **Шарты:** музыкалық аспаптармен таныстыру арқылы, қалаған аспаптың аталуын, түрін, не үшін керектін атайды.	**Құрылыс алаңы:** **Мақсаты:** Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіруге үйрету. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану **(Математика негіздері, құрастыру – танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларды дамыту).**	**Сюжеттік- рөлдік ойын «Бауырсақ» ертегісі.** **Мақсаты:** Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу **(Көркем әдебиет коммуникативтік дағдыларды дамыту).** **Шарты**: Балалар өздері таңдап алаған ертегі кейіпкерлерінің атрибуттарын алып өз рөлдерін сомдайды.
Таңертенгі жаттығу	**Сәуір айының жаттығу кешен** 1. Жұптасып жүру. 2. «Аттар» -- тізені бүгіп, аяқты жоғары көтеріп жүру. 2 рет қайталау. 3. Жүру және еркін тұру. 4. Б. қ. қолды артқа қойып, аяқты сәл ашып тіке тұру. «Алақаныңды көрсет» --				

	қолды алға, жанына қарай созып б қ келу. 4 - 5 рет қайталау. 5. Б. қ. қолды белге қойып, аяқты айқастырып, еденге отыру. Артқа қарай оңға бұрылып алақанмен еденге соғып «Хлоп « деп б қ келу. Сол жаққа дәл осылай орындау. Әрбір жаққа 2 – 3 реттен орындау. 6. Б. қ. қолды жіберіп, аяқты сәл ашып тіке тұру. «Үлкендер және кішкентайлар» -- жүресінен отырып, тізені құшақтап б қ келу. 7. Б. қ. қолды дене бойымен жіберіп, аяқты түзу ұстап шалқадан жату. Тізені бүгіп, аяқты кеудеге тартып жұдырықпен тізеге соғып б қ келу. 8. Б. қ. қолды жіберіп, аяқты қосып тіке тұру. Бір орында тұрып секіруді әрі қарай жүгірумен жалғастыру. 9. Бірінің артынан бірі жүру**.(физикалық қасиеттерді дамыту)**				
Таңғы ас	**Тамақтану** **Мақсаты:** Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: шәй қасық пен майлықты дұрыс қолдану. Нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Музыкалық – ырғақтық қозғалысты ойын «Жабайы жануарлар».** **Мақсаты:** Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.Қимылдарды үйлестіруге ,кеңістікті бағдарлауға, «жүгіру, ұста,тұр» белігеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. **(Музыка****,дене шынықтыру**-шығармашылық дағдыларды**	**Дидактикалық ойын: «Түрлі түсті пішіндер».** **Мақсаты:** Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнау. **(Математика негіздері,құрастыру-танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту).** **Шарты:** балалар әртүрлі пішіндер салынған қобдиша ішінен өзі қалаған пішіндерді алады. Пішіндерді пайдалана	**Ертегі оқу «Арыстан мен тышқан» ертегісі** **Мақсаты:** Оқылған шығармадан ең қызықты , мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. **(көркем әдебиет – коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	**Әңгімелесу «Гүлдер әлемі»** **Мақсаты:** Ағаштардың, дала гүлдерінің ,кейбәр көгөністер мен жемістердің , бөлме қсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау.Ортақ тақырыпта әңгімелесуге , сұрақтарға жауап беруге баулу.Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру,әннің мазмұнын түсінуді жетілдіру**(қоршаған ортамен таныстыру, музыка****-әлеуметтік – эмоционолды дағдыларды қалыптастыру, шығармашылық**	**Қимылдық ойын: «Жануарлар әлемі».** **Мақсаты:** Қимылдарды ұйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, « жүгіру», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету**.(дене шынықтыру**-физикалық қасиеттерді дамыту)** **Шарты:** балалар әуен ойнаған кезде таңдап алған жануарлардың қимылын салып билейді. Әуенді тоқтаған кезде үй жауарлары мен жабайы жануарлар өздеріне сай мекендеріне орналасады.

	дамыту,физикалық қасиеттерді дамыту).	отырып түрлі заттарды құрастырады.		**дағдыларды дамыту)**	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Қазақ тілі** **Ертегі оқу** **«Қолғап».** **Мақсаты**:Сөздерді байланыстырып , сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім)үйретуді жалғастыру.Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. **(Қазақ тілі,көркем әдебиет-коммуникативтік дағдыны дамыту).** **Музыка** **Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?»** **Мақсаты:** Жыл мезгілдері туралы ән, әуендерді тыңдап, ерекшеліктерін сипаттай білуге баулу. **1.Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.** Балаларға жылдың төрт мезгілі бейнеленген суретті карточкалар таратылады. Шығармаларды тыңдап,	**Дене шынықтыру** **Жүгіру.** **Мақсаты:** Бір-біріне соқтығыспай, бытырап жүгіруге үйрету. Шектелген алаңмен тепе-теңдік сақтай жүруді бекіту. Барлық топпен қатарға тұру.Қимыл-қозғалыс сапасын, ептілік, шапшаңдық, икемділік қабілеттерін дамыту. **Жалпы дамытушылық жаттығу:** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Допты көлденең нысанаға кеуде тұсынан екі қолмен лақтыру. 2)Бір орында тұрып бір жаққа және келесі жаққа айналу. **Ойын:** «Кебісімізді тауып алайық» ойынын ойнау.	**Дене шынықтыру** **Мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру.** **Мақсаты:** «Аттардың» қимылын бейнелей, қолды еркін қалыпта ұстап жай, шапшаң қарқынмен жүру, жүгіру; өздігінен қосарланып шеңбер құрып түру, қол ұстасып, шеңберді тарылтпай жүру; бір-біріне соғылмай, тез тоқтауға жаттықтыру. Қол мен аяқ қимылын үйлестіре тура шоқырақтап шабу. Допты көлденең нысанаға кеуде тұсынан екі қолмен лақтыруды үйрету. **Жалпы дамытушылық жаттығу:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1 Шоқырақтап тура шабу 2.Допты Көлденең нысанаға кеуде тұсынан	**Дене шынықтыру** **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** **Мақсаты:** Бір-бірінен 15см қашықтықта қойылған кірпіштер үстінен тепе-тендік сақтап жүруге үйрету. Көрнекі бағыт бойынша қатардан шеңбер құрып тұру. **Жалпы дамытушылық жаттығу:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Қойылған кірпіштер үстінен тепе-тендік сақтап жүру. 2) Шектелген алаңмен тепе-теңдік сақтай жүру **Ойын:** «Тегіс шеңбер» ойынын ойнау.	

	мазмұнына , мәтініне сәйкес суреттікарточканы көрсете білу. **2. Музыка тыңдау:** «Ботақан» Әннің мәтінін үйрету. **4. Музыкалық-ырғақты қимыл:** (аяқты топылдату, аяқтан аяққа ауысу, қол шапалақтау, сылдырмақты сылдырлату)		екі қолмен лақтыру **Ойын:** «Тауып ал» ойынын ойнау.		
2- таңғы ас	**Мақсаты:** Тамақтану кезінде қарапайым мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**.				
Серуенге дайындық	**Мақсаты:** Балаларды ұқыптылыққа, сыртқы келбетіне назар аударып, бақылауға үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**.				
Серуен	**1. Бақылау:** Ағаштарды **бақылау.** **Мақсаты:** Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету **(әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)** **2. Еңбек:** Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау.**(еңбек қызметі)** **3. Қимылды ойын: «Ағаштан ағашқа»** **Мақсаты:** Тұрған орында қос аяқпен, 2-3 метр	**1. Бақылау:** Үй жануарларын **бақылау.** Мақсаты: үй жануарлары туралы білімдерін бекіту. **(Қоршаған ортамен таныстыру - әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)** **2. Еңбек:** өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсетугениеттерін қолдау. **(еңбек қызметі)** **3. Қимылды ойын: «Кел, секірейік!** **Мақсаты:** тұрған орында қо аяқпен секіру, 15 – 20 сантиметр биіктіктен секіру **(дене шынықтыру** - физикалық қасиеттерді	**1. Бақылау:** Ауа – райын **бақылау.** Мақсаты: көктем мезгіліндегі ауа – райының жай – күйін бақылау. Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде балалардың алған әсерлерімен бөлісуге, өз айтуға үйрету **(әлеуметтік - эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)** **2. Еңбек:** ойын алаңындағы қоқысты жинау. **(еңбек қызметі)** **3. Қимылды ойын: «Кім жылдам?»** **Мақсаты:** өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты	**1. Бақылау:** Ұяларды **бақылау.** **Мақсаты:** Балаларға көктемде көптеген құстар ұя салатынын айту, бірақ ұя құсқа үй болмайтынын естеріне салу. Ұя жұмыртқа салу, оны басу және балапандарын өсіру үшін қажет. Құстарға биік шөптер, ағаштың басы пана бола алады. Ұя жасау үшін құстардың қандай материал қолданатынын бақылау (қауырсындар, жүн шүйкесі,бұтақшалар және т.б) **(әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру).** **2.Еңбек:** Құстарға ұя жасауға көмектесу.	**1. Бақылау:** Көліктерді **бақылау.** **Мақсаты:** Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. **(әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)** **2.Еңбек:** таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту **(еңбек қызметі).** **3. Қимылды ойындар:** «Жұбыңды қуып жет» **Мақсаты:** кеңістікті

	қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға секіру. **(дене шынықтыру** - физикалық қасиеттерді дамыту).** **4. Жеке жұмыс:** Әміре мен қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру. **5. Еркін ойындар**	**дамыту).** **4. Жеке жұмыс:** Марьяммен өздерінің достары жайлы әңгімелесу. **5. Еркін ойындар**	дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу **(дене шынықтыру** - физикалық қасиеттерді дамыту).** **4. Жеке жұмыс:** Мираспен бірлескен қимылды ойындарға қатыстыру. **5. Еркін ойындар**	Балаларға құстарға көмектесуді ұсыну, жемсалғышқа тамақ қана емес, әр түрлі жүн - жұрқаларды салғызу **(еңбек қызметі).** **3. Қимылды ойындар:** «Ұшу» Сапқа тұру біліктіліктерін бекіту; ойынның шартын орындап бір аяқтан екінші аяққа секіру. Ойынға барлық балалардың қатысуын қамтамасыз ету **(дене шынықтыру** - физикалық қасиеттерді дамтыу)** **4.Жеке жұмыс**: Эмирге санап үйрету. **5. Еркін ойындар**	бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. **(дене шынықтыру** - физикалық қасиеттерді дамтыу)** **4.Жеке жұмыс**: Имранмен балабақша қызметкерлері туралы әңгімелесу. **5. Еркін ойындар**
Серуеннен оралу	**Мақсаты:** Қатармен жүріп, жаттаған тақпақтарды ойтып, топқа оралу. Киімдерін шешіп, ұқыпты шкафтарын жинау. Қолдарын сұйық сабынмен жуып, сумен дұрыс шаюға дағдыландыру **(мәдени-гигиеналық дағдылады қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет ету)**. «Құстар» Қоңыңдар, құстар, қоңыңдар! Бәріңе төрден орын бар, Қанатты барлық достарға Балалар, қамқор болыңдар!				
Түскі ас	**Мақсаты:** Балаларға өзбетінше жеңді жинау, қолды сабынмен жуып, құрғату, киімді суламау. Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру **(Мәдени- гигиеналық дағдыларды қалыптастыру, өзіне – өзі қызмет ету, коммуникативтік дағдыны дамыту)**				
	Тазалықты іздесең, Мөлдір судан аласың. Жиі-жиі жуынсаң, Аппақ, боласың.	Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар, Нанда адамның еңбегі мен ары бар. Нан өмірдің ана сүті арқауы, Нансыз жерде қай өмірдің	Көп адамдар білмейді, Ішсе шәйін үрлейді. Ыстық шәйға май қосса, Бірден ауыз күймейді.	Су – өмір жүрегі, Денсаулықтың тірегі. Шөлдесең – қанасың, Жуынсаң – тазасың.	Нандай жоқ қой асыл дәм, Жеп үйренген жасыңнан. Дастарқаннан нан кетсе, Береке кетер асыңнан.

		сәні бар.			
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Сабырлы музыка тыңдау, «Бір үзім нан» ертегісін, «Түлкі мен тырна» ертегісін, «Әке мен бала» әңгіме айтып беру **(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру: Төсекте арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару. Төсекте ішке жатып қолдарын иыққа қою, шынтақтарын тіреп, мойындарын созу. «Құстар оянды» - аяқты сәл алшақ қою, қолдарын жан – жаққа созу, былғау (құстар қанат қағып жатыр). **Арқаға арналған "Ауа - райы" жаттығуы.** Балалар бірінің артына бірі тұрып, алдыңғы тұрған балаланың арқасына әт түрлі массаждар жасайды. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді, тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту **(физикалық қасиеттерді дамыту).**				
Бесін ас	**Тамақтану** Мақсаты: Үстел басында дұрыс отыруға үйрету, тазалыққа тәрбиелеу **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Қуыршақ театры: «Шалқан» ертегісі.** **Мақсаты:** балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Бірнеше бөліктердң қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Сурет салу кезінде қарындашты қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу **(Көркем әдебиет, мүсіндеу, сурет салу, жапсыру, - коммуникативтік, әлеуметтік - эмоционалды, шығармашылық**	**Тақпақ жаттау. «Көктем»** **Мақсаты:** Балаларға тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Артикуляциялық және дыбыстық аппараты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамытуды жалғастыру.Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар,тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. **(Көркем әдебиет,қазақ тілі*** - коммуникативтік дағдыны дамыту).** **Шарты:**Көктем. Көктем қырға төрледі, Төрт түлік мал төлдеді. Бәйшешектер құлпырып, Деп тұрғандай: «Көр мені!» Жылы мезгіл жетіпті,	**Үстел үсті ойыны «Көліктер»** **Мақсаты:** Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу **(Қоршаған ортамен таныстыру,қазақ тілі***-әлеуметтік – эмоционолды дағдыларды қалыптастыру,коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **Шарты:** карточкалардың арасынан бір зат бейнеленген карточканы тауып, атауын атайды,	**Вариатив. комп.** «Ертегілер елінде» «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі **Мақсаты:** Балаларды жануарларды сүюге тәрбиелеу. Ертегіні сахналау арқылы тіл байлықтарын дамыту. Көз бұлшық еттерін дамыту. **Дидактикалық ойын «Қажетті сөзді тап»** **Мақсаты:** Ересектердің сөзін тыңдау жіне түсіну,сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану,ересектермен диалог құру берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. **(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **Шарты:**Тәрбиеші бір сөз атайды, балалар соған	**Табиғат бұрышына саяхат.** **Мақсаты:** Табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды жалғастыру: үстінде – астында, алдында – артында, оң –сол.Бір – бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып,өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. **(Қоршаған ортамен таныстыру ,математика негіздері ,құрастыру– әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру,танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту).** **Шарты:** Табиғат

	дағдыларын дамыту). Шарты:Балаларды кейіпкерлерге бөліп ертегіні сомдау.Шығармашылық жұмыстармен жалғастыру	Тастадық біз етікті. Қар көктемге жеткізбей, Тауға шығып кетіпті! К. Ыбырайұлы (мнемокесте әдісі бойынша).айтқызу.	содан кейін көп зат бейнеленген карточканы тауып, көрсетеді.	қажет заттардың атына байланысты сөздерді тез атауға тиісті.Мысалы: тоқылатын заттарды ата десе, балалар- шұлық, шәлі, қолғап, жемпір деп жауап береді.Қайда, немен, кім тоқиды? Фабрикада машинкамен, үйде бізбен тоқымашы тоқиды.	бұрышындағы бөлме өсімдіктерін атау,олардың кеңістікте орналасу бағытын анықтап айту.Құрылыс материалдарынан гүлдерге қоршау жасау.
Балалармен жеке жұмыс	Нұралиге дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айуды үйрету	Айшаға екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы мен ені, биіктігі бойынша беттестіру және тұстастыру арқылы салыстыруды дамыту	Айбибіге жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындауды үйрету	Алуаға қазақ халқының тұрмыстық заттарын атай білуді үйрету	Айзереге тәулік бөліктерін – таңертең, күндіз, кеш, түнді танып және атауды үйрету
Серуенге дайындық	**Мақсаты:** өз бетінше киіну және шешіну. **Өзін-өзі күту дағдыларын жетілдіру:** **Көркем сөз:** Топ ішіне киетін Ұл мен қыздың киімі, Таза киім киеміз Ұқыпты боп жүреміз.				
Серуен	**Бақылау:** Ағаштарды бақылауды жалғастыру. **Мақсаты:** ағаштарды салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету. Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу **(әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру). Қимылды ойын:** «Көңілді доптар»	**Бақылау:** Итті бақылау. **Мақсаты:**үй жануарлары туралы білімдерін бекіту **(Қоршаған ортамен таныстыру –әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру). Қимылды ойын:** «Кептерлерді қуып жет». **Мақсаты:**балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу **(дене шынықтыру**-физикалық қасиеттерін**	**Бақылау:** Кешкі ауа райын бақылау. **Мақсаты:**ауа райындағы қарапайым өзгерістерін байқау түсініктерін қалыптастыру **(Қоршаған ортамен таныстыру –әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру). Қимылды ойын: «**Түлкі мен әтештер». **Мақсаты:** еркіндікте	**Бақылау:** Көгершінді бақылау. **Мақсаты:** көгершіннің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні, тұмсығы, дене пішіні, түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(Қоршаған ортамен таныстыру – әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды**	**Бақылау:** Жеңіл көліктер түрлерін бақылау. **Мақсаты:**көлік түрлерін ажырату **(Қоршаған ортамен таныстыру – әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру). Қимылды ойын:** «Бағдаршам». Мақсаты: балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның

	Мақсаты: допты бір – біріне басынан жоғары (артқа және алға беру) **дене шынықтыру** - физикалық қасиеттерді дамыту).**	**дамыту).**	тәрбиелей отырып, қимыл-қозғалысын дамыту, шапшаңдыққа үйрету **(дене шынықтыру**-физикалық дағдыларды дамыту).**	**қалыптастыру).** **Қимылды ойын:** «Дәуіт пен қарлығаш». Мақсаты: қимылды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту **(дене шынықтыру**-физикалық дағдыларды дамыту).**	атқаратын қызметімен таныстыру **(дене шынықтыру**-физикалық дағдыларды дамыту).**
Серуеннен оралу	**Мақсаты:** Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, киіміндегі олқылықты байқау және оны ересектердің көмегімен ретке келтіру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Үстел үсті ойындары «Менің үйім».** **Мақсаты:** Пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану.Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жәй сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. **(Құрастыру, қазақ тілі*** – шығармашылық, коммуникативтік дағдыларын дамыту).** **Шарты:** балалар берілген пластианалардан қалау бойынша үй құрастыруды ұсыну. Құрастырған үйдің қандай ерекшеліктері бар екенін, не үшін осындай үй құрастырғанын әңгімелеп береді.	**Дидактикалық ойын «Кім? Не?»** **Мақсаты:** Зат есімдерді жекеше,көпше түрде,етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.Сурет салу кезінде қарындашты ,қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету.Ермексаз кесектерін алақандарының арасында домалату,есу,жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу.Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдануды үйрету.**(сөйлеуді дамыту,сурет салу,мүсіндеу,жапсыру-коммуникативтік,шығармашылық дағдыларды дамыту)**	**Дидактикалық ойын: «Қандай пішін шықты?»** **Мақсаты:** Сурет салу кезінде қарындашты қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. **(Математика негіздері,сурет салу,жапсыру,мүсіндеу-танымдық және зияткерлік,шығармашылық дағдыларын дамыту)** **Шарты:**Балаларға суреттен,жапсырудан,мүсіндеуден жасалған берілген заттардың	**Кітап оқу «Алтын жұмыртқа» ертегісі.** **Мақсаты:** Ертегілерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Ермексаз кесектерін алақандарының арасында домалату,есу,жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Сурет салу кезінде қарындашты қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету **(Көркем әдебиет, мүсіндеу, жапсыру,**	**Дидактикалық ойын «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»** **Мақсаты:** Ересектердің сөзін тыңдау жіне түсіну,сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану,ересектермен диалог құру берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру Сурет салу кезінде қарындашты ,қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету.Ермексаз кесектерін алақандарының арасында домалату,есу,жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу.Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдануды үйрету. **(сөйлеуді дамыту,сурет**

		Шарты:Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суреттерде не бейнеленгенін және оның жанды не жансыз екенін айтады. Жанды болса кім?,жансыз болса не? Сұрағы қойылады.	пішінін айтуға үйрету.	**сурет салу - коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту)** **Шарты:** Ертегіні оқып беру.Балалардан естен қалған жерлерін сұрау.Ондағы кейіпкерлерді шығармашылық жұмыстармен жасау.	**салу,мүсіндеу,жапсыру-коммуникативтік,шығармашылық дағдыларды дамыту)**
Балалардың үйге қайтуы	**Мақсаты:** Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)**				
	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Психологиялық кеңес: «Баланың бос уақытын өткізудегі ата – ананың рөлі».	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Балалармен қызықты демалыс күндерін өткізуге кеңес беру, отбасылық серуен ұйымдастырудың маңыздылығын түсіндіру.

Тексерілді: _____**Әдіскер: Аяшова Ж.А.**

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы
Топ: Ортаңғы «Балапан» тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 3 – апта, 17 – 21 сәуір аралығы, 2022 – 2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 17.04.2023	Сейсенбі 18.04.2023	Сәрсенбі 19.04.2023	Бейсенбі 20.04.2023	Жұма 21.04.2023
Балаларды қабылдау	**Мақсаты:** Балаларды жайдары көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру.				
	Қимылды ойын «Менің сүйікті жануарым». **Мақсаты:** Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын арттыру **(Музыка****, дене шынықтыру** - шығармашылық дағдыларды, физикалық қасиеттерді дамыту).** **Шарты:** балалар әуен ойнаған кезде таңдап алған жануарлардың қимылын салып билейді.	**Мақал-мәтелдер айту:** **Мақсаты:** Зат есімдерді жекеше,көпше түрде етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.**(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағдыларды дамыту).** **Шарты:**1. Адамның табиғатсыз күні жоқ, Табиғаттың оны айтар тілі жоқ. 2. Табиғат жер байлығы, Батырлар ел байлығы. 3. Жауынмен жер көгереді, Батамен ел көгереді.	**Сұрақ жауап ойыны «Әдемі шарлар».** **Мақсаты:** Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну ,сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану,ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.**(Сөйлеуді дамыту, - коммуникативтік дағдыны дамыту).** **Шарты:** берілген суреттен шар бейнесін табу. Оларды сипаттап айту.	**Кітап бұрышына саяхат: «Бауырсақ ертегісі»** **Мақсаты:** Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. **(Көркем әдебиет,– коммуникативтік дағдыларды дамыту).**	**Әңгімелесу «Тірі және өлі табиғат»** **Мақсаты:** Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.Ортақ тақырыпта әңгімелесуге , сұрақтарға жауап беруге баулу.**(қоршаған ортамен таныстыру,қазақ тілі***-әлеуметтік-эмоционолды дағдыларды қалыптастыру,коммуникативтік дағдыларды дамыту)**

	Әуенді тоқтаған кезде үй жауарлары мен жабайы жануарлар өздеріне сай мекендеріне орналасады.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Әңгімелесу:** Ата – аналармен баланың десаулығы, үйдегі күн тәртіп, өз – өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Ертегі оқу «Қызыл телпек»ертегісі Мақсаты:** Жаңа ертегілерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.Сөздерді байланыстырп , сөз тіркестерін құрастыруға(зат есім және сын есім)үйретуді жалғастыру. **(Көркем әдебиет,қазақ тілі*** -коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды дамыту).**	**Дидактикалық ойын «Үй жануарлары» Мақсаты:**Үй жануарлары мен олардың туралы білімдерін бекіту. Сөздерді байланыстырп , сөз тіркестерін құрастыруға(зат есім және сын есім)үйретуді жалғастыру.**(қоршаған ортамен таныстыру,қазақ тілі***-әлеуметтік – эмоционолды дағдыларды қалыптастыру,коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **Шарты:** Үстел үстінде үш-үштен суреттер жатада. Балалар сол суреттердегі ұй құстарының арасындағы үй жануары артық екендігін тауып айтады. Мысалы: тауық, қаз, қой; ешкі, үйрек, қаз; үйрек, тауық, сиыр;	**Қимылдық ойын «Күн». Мақсаты:** Балаларға тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. **Мақсаты**Мүсіндеу барысында қауіпсіздік қауіпсіздікті сақтау. Жапсыруда қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету. Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйретуді жалғастыру, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. **(Көркем әдебиет,сурет салу,мүсіндеу,жапсыру-коммуникативтік,шығармашылық дағдыларды дамыту)** **Шарты:** Қолдарын бір-біріне айқастырып, саусақтарының арасын	**Үстел үсті ойыны: «Қандай пішін?» Мақсаты:** Ойын түрінде үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен фигураларды ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастырға (зат есім және сын есім) үйретуді жалғастыру **(Математика негіздері, қазақ тілі*** – танымдық және зияткерлік,коммуникативтік дағдыны дамыту).** **Шарты:** беті жабын сандықша ішіне қолын салып, ұстаған затты анықтайды. Қандай пішінге ұқсайтынын атайды.	**Дидактикалық ойын «Суреттерді құрастыр» Мақсаты:** Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау тәсілдерін қолдану Қарама – қарсы мағынадағы сөздерді – антонимдерді енгізу. **(Құрастыру,Сөйлеуді дамыту – шығармашылық ,коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **Шарты:** Балаларға кез-келген кесілген суреттер таратылады да, осы суреттерден бүтін суреттер құрастыру керектілігі түсіндіріледі.

			ашып, күн сәулесі сынды қимыл жасайды. Күн жуақтарын құрастыру. Жарқырайды күннің көзі, Нұрын шашып далаға. Күн сәулесін төгеді, Бақыт сыйлап балаға.		
Таңертенгі жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені №16 кешені (15. 04 — 30. 04 аралығы) **(физикалық қасиеттерді дамыту).** 1. Топтанып жүру. 2. «Ұшақтар» деген белгі берілген кезде қолды жанына қарай көтеріп, бөлме ішінде жеңіл жүгіру. 2 – 3 рет қайталау. 3. Жүру және еркін тұру. 4. Б. қ. қолды жіберіп, аяқты сәл ашып тіке тұру. «Ұшаққа қол бұлғаймыз» -- қолды жоғары көтеріп, бұлғап б қ келу. 4 – 5 рет қайталау. 5. Б. қ. қолды белге қойып, аяқты айқастырып, еденге отыру. «Ұшақтың қайда екенін көрсет» -- артқа қарай солға бұрылып, сол қолмен бұлғап б қ келу. Оң жаққа дәл осылай орындау. Әрбір жаққа 4 – 5 рет орындау. 6. Б. қ. қолды жіберіп, аяқты сәл ашып тіке тұру. «Ұшақ қонып жатыр» -- аяқты бүгіп, алға қарай еңкейіп «Отырамыз» - деп б қ келу. 5 – 6 рет қайталау. 7. Б. қ. қолды кеудеге қойып, аяқты түзу ұстап тіке тұру. «Ұшақ ұшты» -- қолды екі жанына жіберіп, иіліп б қ келу. 8. Жеңіл жүгіру және екі аяқпен секіру. 9. «Көлікпен барамыз» -- аяқпен топылдатып жүру.				
Таңғы ас	**Тамақтану** **Мақсаты:** Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білуді жетілдіру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Үстел үсті ойыны: «Гүл».** **Мақсаты:** Ағаштардың ,дала гүлдерінің кейбір көгөністер мен жемңстердің бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін	**Дидактикалық ойын «Шалқан»** **Мақсаты:**Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.**(көркем әдебиет-**	**Үстел үсті ойыны «Біреу және көп»** **Мақсаты:** «Көп,бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру,заттардың санын ажыратуға үйрету: (біреу - көп) біртекті	**Сұрақ – жауап ойыны «Менің достарым»** **Мақсаты:** Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну ,сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану,ересектермен диалог құру, берілген	**Қимылдық ойын «Ақ қоян»** **Мақсаты:**Қимылдарды үйлестіруге кеңістікті бағдарлауға «жүгір,ұста, тұр»белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.**(Дене шынықтыру**-**

	тану және атау. **(Қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік-эмоционолды дағдыларды қалыптастыру).** **Шарты:** Үстел үстіндегі қиылған суреттерді құрастырып жинайды (түймедақ, аққекіре).	**коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **Шарты:**Балалар өздеріне берілген үлестірмелі суреттерді талдай отырып,ертегіні оқиға желісі бойынша орналастырып шығады.	заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету,қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей заттарды табу**.(математика негіздері – танымдық жіне зияткерлік дағдыларды дамыту)** **Шарты:** балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.	сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру**(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	**физикалық қасиеттерді дамыту)** **Ойын шарты:**Балалар дөңгеленіп қол ұстасып тұрады, ортада бір бала қоян болады. Балалар барлығы бірлесе қоянды оятуға тырысады. - Қояным,қояным ұйқыңнан тұршы Бет-қолыңды жушы, Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы, Мәсіңді киші, Көлегіңді киші, Енді бізді қушы-деп балалар қаша жөнеледі.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Қазақ тілі** **«Қуыршақты серуенге киіндіріп, шығарайық»** **Мақсаты:**Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып,сұрақтарға жауап беруге оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастырға (зат есім және сын есім) үйретуді жалғастыру**(қазақ тілі – коммуникативтік дағдыларды дамыту)** **Музыка** **Тақырыбы: «Күн мен жаңбыр» ойыны.** **Мақсаты:** Балаларды музыканың әртүрлі	**Дене шынықтыру** **Жалпы дамытушы жаттығулар.** **Мақсаты:** Алақан мен тізеге тіреліп, төрттағандап еңбектеп, модуль арқылы аунап өтуді үйрету. Аяқты-аяққа тақай қойып, алға жылжи жүру дағдыларын бекіту. Музыка ырғағына сәйкес өз қимылын бере білу, қимылды үйлесімді, жеңіл жүгіру дағдыларын, иық пен аяқтың бұлшықеттерін дамыту. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды	**Дене шынықтыру** **Жалпы дамытушы жаттығулар.** **Мақсаты:** Биіктіктен еденге салынған шеңберге секіріп түсуді үйрету. Аяқты- аяққа тақай қойып, алға жылжи жүрудағдыларын бекіту. Ырғақты және жеңіл жүгіру дағдыларын дамыту. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою.	**Дене шынықтыру** **Жалпы дамытушы жаттығулар.** **Мақсаты:** Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Биіктіктен еденге салынған шеңберге секіріп түсуді үйрету. Аяқты- аяққа тақай қойып, алға жылжи жүрудағдыларын бекіту. Ырғақты және жеңіл жүгіру дағдыларын дамыту. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып),	

	сипатын ажыратуға баулу (көңілді, ойнақы, сабырлы, мұңды). Шығармалардың көңіл-күйін сезіне білуге үйретеді. **1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.** **Ойын:** Көңілді күн мен бұлт суреттері бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар екі түрлі шығарманы тыңдап,әуен сипатына сәйкес суретті көрсетеді. **2. Музыкалық-ырғақты қимыл:** Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу жасату.	шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Биіктіктен еденге салыңған 2)Алақан мен тізеге тіреліп,енбектеп, модуль арқылы аунап өту. **Ойын:** «Мысықпен тышқан» ойынын ойнау.	**Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Беті тегістеліп сүргіленген бөрене үстімен жүру. 2)Биіктіктен еденге салынған **Ойын:** «Адымдап жүр» ойынын ойнау	еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Биіктіктен еденге салынған. 2) Беті тегістеліп сүргіленген бөрене үстімен жүру. **Ойын:** «Бақалар» ойынын ойнау.	
2- таңғы ас	**Мақсаты:** Тамақтану кезінде қарапайым мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**.				
Серуенге дайындық	**Мақсаты:** Балаларды ұқыптылыққа, сыртқы келбетіне назар аударып, бақылауға үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**.				
